

ЩЕРБАКТИНСКИЙ РАЙОН

ТРИБУНА

Общественно-политическая газета

Основана 12 сентября 1931 года

Әр жылдың ырыздығы бар

Табиғат құбылыстарын жімі бақылап, күнмен түннің алмасып отыруын, қауіп мезгілде қандау шаралар қолдану керектігін алдын – ала болжап отыратын халықтар жер бетінде жетерлік. Әсіресе қазақтар көрегендіктерімен алдыңғы қатарды алады десек артық айтқандық емес шығар. Әр жылдың алып келер өзіндік несібесі бар. Жыл санауларын мына жыл жаман, анау жылдың қиыншылығы мол болған деу берер болсақ, жылдардың жақсылары қала ма? Алла Тағала әу баста-ақ пендесінің қалау тіршілік жасап, қандау кезеңдерді басынан өткеріп, қалау күн кешетінін зерделеп берген емес пе? Ал жер бетіндегі құдайдың құлдары сол шамада тіршілік етіп, өмірден өз несібесін теріп жеген.

Бұқаралық ақпарат құралдарын ашып, әлемдік желіге назар аударар болсақ, баршасында дерлік қоян жылы жұт болған, ашаршылық болған, яки соғыс болған, қысы қатты шаруаға қолайсыз болған деп қаламдарын жүгірте жөнелгенін аңғарамыз. Демек ол жылдары жаман болған екен деп бар тірлікті ысыра салсақ күніміз не болмақ? Қауарлы қыс болса да әр жылы өз өнерімен терезелерді оюлап, өрнектеп жүргенін көріп те, біліп те жүрміз. Айталық 2008 жылдың көктемнің соңымен қатар жазының өзі жаңбырлы болды ғой. Алыс ұзамай Павлодардың өзінде күн кешіп жатқан Шарбақтыны алып қараңыз, от жағудан қол босамады деп айтып жатқаны естірсіз. Бірақ ол жылы астық мол болып еліміз әлемдік аренада бірінші орынды иеленді емес пе? Әуел баста адам баласында жыл санау, туылған күн дегендер болған емес, бертін келе пайда бола бастаған заман талаптары, өмір ағымы. Атам қазақ «Қария – деген бір жазулы дастан, кітап», - деп айтады. Сол дана әжеміздің көзі тірісінде айтқан бір сөзі бар, ащы да болса шындық қой, «Біздің кезімізде күніміз жай өтіп, жасымызға жас қосып жатқанда адамдар жылайтын еді, күніміз босқа өтті, әлі де өмірден аларым көп», - деп айтып бергендері кей кездері еске оралады, ал қазіргі сендердің кездерің ғой жыл санап, кейде күн санайтындарың бар деп айтып отыратын. Пәленшенің үйіне барсам, ертең аз күн қалды шамалы шыдасам зейнетақымды алам, немерем туылған күнін тойламақ деп айтып отыратыны әлі есімізде. Қайткен күнде де бұл өмір талабы емес пе?

Қоян шарифатта жазылғандай еті адал жан – жануардың қатарында. Жылына жиырма лап көжек табатын қояндарда қандай мін бар? Мезгіл сайын түсі өзгеріп, құбылып табиғаттың, Жаратқанның жаратуымен түрлі кейіпке еніп отырады емес пе? Үй қояны, орман қояны, дала, тау қояндары болып бірнеше түрге бөлінеді, сонымен қатар таза әрі адал жануар, қорегін кеміріп теріп жейтін сонымен бірге бауырмашыл, шүбәсіз сәбидей, нәзік жануар. Қорегін аса талғампаздықпен іздеп жейтін жануардың бір өзі адам баласына кісе киім, жесе азық. Егер жылдың сипатын осы қоянмен теңестіретін болсақ, онда көреген халықтан шыққан даналар бұл жылы отау тіккендерге тамаша жыл болмақ деген кеңестерді де ұсынып отыр. Қояндай мамық жұп – жұмсақ жыл болар деген үміттеміз.

Қоян жылының тарихына назар аударсақ, 1711 жылы қазақтың ұлы ханы Абылай дүниеге келген. 1711 жылы Қазақ қолы халыққа қайғы мен қасірет әкелген жоңғар басқыншыларына қарсы күйрете соққы берді. 1663 жылы қоғам қайраткері, атақты шешен, ойшыл – Төле би дүниеге келді. 1783 жылы Сырым Датұлы бастаған ұлт азаттық көтеріліс шырқау шегіне жетіп, қазақ ауылдарын аяусыз шапқан казак-орыс атаманы Чагановтың әскерін жеңді. Бұл қоян жылында болған айтулы оқиғалардың аз ғана бір бөлігі. Мұндай деректерді тізбектеп жаза беруге болады. Бұл арада менің айтайын дегенім, әр жылдың өз ырыздығы, өз несібесі, халыққа берген өзіндік жақсылығы болады. Өмір мен дәуірдің, әр кезеңнің жақсылығы мен шаттығы ешқашан да таусылған емес.

Ертедегі түркі тайпаларының мүшел есебін біздің жыл санауымыздан мың жылдай бұрын қолданыла бастағаны қазір анықталып отырған ақиқат. Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде Қоян жылы десе, басқа елдерде мысық деп те атайды. Бұл басқа халықтардың тышқан жылын егеуқұйрық, сиыр жылын бұқа, ұлу жылын айдаһар, тауық жылын өтеш жылы деп тойлайтыны тәрізді жағдайлар. Шығыс халқында оның ішінде қазақтар жыл басы – 22 наурыз, бұл – біздің жаңа жылымыз. Ал көптеген халық 1 қаңтарды жыл басы санап, жаңа жылды 31 желтоқсан аяқталатын түні қарсы алады. Негізінен, ол – отбасылық мереке. Кейде жасылы шырша қойылып оған түрлі ойыншықтар, әсем жасаулар тағылып, мерекелік дастархан жайылады. Оның басында отбасы мүшелері, мерекеге арнайы шақырылған ең жақын туған-туыстар отырып, көңілді кеште жаңа жылға байланысты ақ тілектер айтылады. Халықтың ескі наным – сеніміне сәйкес, сиыр, қоян, жылқы, қой, тауық жылдары сол жануарлардың, құстың еті дастарханға қойылмайды, керісінше солардың жақсы көретін дақылдарынан жасалатын тағамдармен дастархан толтырылады делінген, дегенмен бұл наным – сенімдер болып есептеледі.

Жылдың жаманы болмайды, жаратқан жасаған құбылыстармен табиғаттың қауарлы күндеріне де дайын болып, төрт құбыламыз түгел, бірлігіміз жарасқан тату-тәтті болсақ, ешкім де, ешбір нәрсе де бейбітшілігіміздің туын тізерлете алмасы хақ, жаңа кіріп келген жаңа жыл әрбір отбасыларға мереке, құт, береке әкелсін!!!!...

Мөлдір БАЙМАХАНБЕТОВА,
Шарбақты селосы.